С.Сейфуллиннің 120 жылдығына арналған **«Сейфуллин оқулары–10: Мемлекеттің индустриалды–инновациялық саясатын құрудағы бәсекеге қабілетті кадрларды дайындау келешегі мен ғылымның рөлі»** атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения–10: Новые перспективы подготовки конкурентоспособных кадров и роль науки в формировании индустриально-инновационной политики страны»,** посвященная 120-летию со дня рождения С.Сейфуллина**.** – 2014. – Т.I, ч.3. – Б.167-169

КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ КЕЗІНДЕГІ ОҚУ МОТИВАЦИЯСЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Уразова К.К.

Мемлекеттік тіл – халықтың барлық мұқтажын, өнер, мәдениет, радио, дипломатиялық қарым-қатынас, ғылым, өндіріс, шаруашылық, ресми іс-қағаздары т.б. салаларға дейін қызмет ететін қоғамның қуатты қолданыс құралына айналуы қажет. Қазақ тілін орыс тілді топтарға оқытудың осындай күрделі мақсатына жету үшін білім беру үрдісін түбегейлі жаңарту қажеттілігі туындады. Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы Қатаркөл ауылшаруашылық колледжінде «Мал дәрігерлігі» мамандығы бойынша білім алушы студенттердің оқу мотивациясы деңгейін инновациялық жолмен оқыту үрдісінде бақылау. Оқыту негізіне шынайы өмірге жақын коммуникативтік қарым-қатынас алынды. Коммуникативті оқыту технологиясы соңғы кездері ақпараттық-коммуникативтік технология ретінде барлық оқыту пәндерінде кеңінен қолданылуда, және оқушы бойындағы оқу мотивациясын қалыптастыру мен тұрақтандыруда басқа оқыту жолдарына қарағанда әлдеқайда нәтижелі екенін эксперимент нәтижесі көрсетті.

Қатаркөл ауылшаруашылық колледжінде «Малдәрігерлігі» және «Сүт өнімдерін өндіру» мамандықтары бойынша білім алып жүрген орыс бөлімдері топтарына түрлі әдіс-тәсілдер көмегімен (коммуникативті, грамматикалық-аударма, мәтінмен жұмыс) тәжірибелік-бақылау жұмысы жүргізіледі. Тәжірибе жұмысын жүргізбес бұрын, тәжірибе жұмысы кезінде, және эксперимент аяқталған соң оқушылардың мотивациялық деңгейін анықтау үшін тестілеу, анкеталық сұрақтарға жауап беруден кейін қорытынды шығарылады. Студенттердің жауаптары арқылы біз белгілі әдіс-тәсіл, немесе оқыту формасын қолдану ұтымды екенін анықтаймыз. Ең бастысы, сабақта алған білімдерін өмірде қолдана алуға септігін тигізген нәтижелі жолды таңдау мүмкіндігі туады. Жұмыс материалы сапалы тілдік дағдыларды дамыту мен қалыптастыруға, оқу үдерісін дұрыс ұйымдастыруға көмегін тигізеді. Тәжірибе колледж қабырғасында, үйреншікті күнделікті сабақ жағдайында өткізілетін болады. Тәжірибе нысаны – орыс тілді топтарға қазақ тілін оқыту кезінде оқу мотивациясын қалыптастыру және тұрақтандыру жолдарын іздеу.

Тәжірибені жоспарлауда ескеретін факторлар: сабақты теориялық бөлімде сипатталған коммуникативтік оқыту жолдары арқылы ұйымдастыру, оқушылардың психо-лингвистикалық қасиеттерін есепке алу, оқыту құралдары және т.б.

Бірінші кезеңде анықтау эксперименті өткізілді. Бұл кезеңнің негізгі мақсаты – ауылшаруашылық орыс бөлімінде оқитын студенттердің қазақ

тілінен білімін, мотивациялық деңгейін, қазақша сөйлеу дәрежесін білу және болашақ маманның кәсіби лексика мен терминдердің мағынасын түсіну деңгейін анықтау. Анықтау экспериментінде төмендегідей жұмыс түрлері атқарылды:

1. Сауалнама өткізіп, студенттердің тілді оқуға деген қызығушылығын, мотивациясын анықтау, талдау және студенттердің мамандық тілін үйренуге деген көзқарастарын білу. Сауалнама нәтижелеріне сараптамалық талдау жасау.
2. Кәсіби қазақ тілді үйретуге арналған мамандыққа сай кәсіби сөздер мен терминдерді, тілдік материалдарды дайындау.
3. Экспериментке қатысатын топтарды анықтау.
4. Студенттердің қазақ тілінен білім дәрежесін диагностикалық тест арқылы анықтау.
5. Кәсіби қазақ тілді меңгертуге бағытталған жаттығулар жүйесін құрастыру тәсілдерін айқындау.
6. Мамандыққа қатысты кәсіби мәтіндер жүйесін, сөздіктерді, орындалатын жаттығу түрлерін, оқу үрдісінде пайдаланылатын құралдарды, көрнекіліктерді, оларды тәжірибеде қолдану жолдарын анықтау.

Қазақ тілінен мотивациялық деңгейді анықтау кең таралған әдістер арқылы жүргізілді. Қазақ тілі оқытушыларымен сөйлесу, студенттердің қазақ тілінен шынайы білім деңгейлерін, біліктерін, дағдыларын анықтау. Студенттердің белгілі бір пәнді оқуға деген қызығушылығы студенттің жеке тұлғалық қасиеттеріне, әлеуметтік, қоғамдық жағдайларға байланысты болады. Мәселен, Г.И.Исимбаева «Языковое самосознание и мотивация изучения языков» деген еңбегінде (Р.Эллис классификациясы бойынша) мемлекеттік тілді оқу мотивациясының үш түрін ажыратады : инструменталды, интегративті, нәтижелі. Инструменталды мотивация дәйектеріне – қазақ тілі мемлекеттік тіл болғандықтан, қазақ тілінен нашар баға алғым келмейді, қазақ тілінде кітаптар оқу үшін, мемлекеттік тілді білу келешекте көмегін тигізеді, жоғары білім алуға көмектеседі, өзім қалаған жұмысты таңдауға көмектеседі. Интегративті мотивация – туған тілі болып табылатындардан жақсырақ үйреніп алу, ата-анам үйретуге мәжбүрлейді, бұл менің ата-бабамның тілі, достарымның тілі, қазақ тілі әлем жаңалықтарын білуге көмектеседі, қазақ халқының мәдениетімен етене танысу. Нәтижелі мотивация – маған қазақ тілі сабағында қызықты, маған қазақ тілінен оқу жаттығулары ұнайды, маған қазақ тілі ұнайды, тілді үйрену мен үшін жеңіл, қазақ тілінен табыстарым жақсы, қазақ тілін білу жан-жақты білімді болуға көмегін тигізеді.

Студенттердің қазақ тілін оқуға деген мотивациялары көбінесе нәтижелі мотивацияға тән аспектілерге байланысты. Яғни, студенттердің пәнге деген қызығушылығы сабақтың өзімен, оқытушы тұлғасымен, сабақты жүргізудің әдіс-тәсілдерімен, жеке қызығушылықтармен байланысты. Бұл мотивация көбінесе жақсы оқитын оқушыларда анықталды. Қалған студенттер тілді оқуда интегративті және инстурменталды оқу мотивациялармен ерекшеленді. Ескертетін жайт, бұл мотивациялар орыс тілді қазақтарда ғана байқалды. Сұрақтамадан басқа мотивациялық деңгей әңгімелесу, түрлі тапсырмаларды орындатқызу арқылы анықталды. Жоғары мотивациялық деңгей мемлекеттік

тілді оқуға деген қызығушылығы жоғары, саналы танымдық бағыттылығы бар, білімдері жоғары, коммуникативті дағдылары жоғары дербес және шығармашылықпен жұмыс істей алатын студенттерде, басқаша айтқанда жақсы оқитын студентерде байқалды. Орташа деңгейлі мотивация жалпы оқыту үрдісіне жағымды көзқарасы бар, қажетті білім қоры бар, коммуникативті ақпараттық кеңістігі толық қалыптаспаса да, білімін ұштай алатын, бағдарламаға сай материалды меңгере алатын студенттерде анықталса, төмен мотивациялық деңгей мемлекеттік тілді оқуға қызығушылығы төмен, жалпы білім қоры төмен студенттерде байқалды. Бұндай оқушыларда белсенді таным әрекеті өте төмен. Сауалнамадан өткен колледж студенттерінде тілден мемлекеттік білім деңгейлері де мотивациялық деңгейлерінен көп өзгешеленбеді, яғни тілді білу деңгейлері төмен болды.

Екінші кезеңде оқыту эксперименті өткізілді. Оқыту экспериментінің басында студенттердің оқу мотивтерін коммуникативтік технологияның әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы меңгерту машықтандыру жаттығулары арқылы, ақпараттық-инновациялық технологиялар көмегімен іске асырылды. Эксперимент барысында студенттердің мамандыққа қатысты лексиканы меңгертуде машықтандыру жаттығуларын қолданғанда тез қабылдайтыны анықталды. Одан кейін кәсіби тілді шығармашылық жаттығулар, кәсіби жағдаяттармен жұмыс, іскери ойындар арқылы меңгерту ұсынылды. Студенттерге оқыту экспериментінде мамандығына қатысты кәсіби лексиканы сөйлесім әрекетінің түрлеріне негіздей игерту әр түрлі әдіс - тәсілдер арқылы жүзеге асып, оң нәтижесін көрсетті.

Қазақ тілін орыс бөлімдеріне коммуникативтік әдістер арқылы үйрету студенттердің белсенділігін жетілдіруге септігін тигізеді, қазақ тілін өз бетімен ізденіп оқып үйренуге деген ықылас-ынтасын, қызығушылығын арттырады. Яғни, көздеген мақсатымыз – оқу мотивациясын туғызуға және қалыптастыруға жағдай жасайды;

Кәсіби қазақ тілі – кәсіби құзырлылығы жоғары, қоғам сұранысына ие білікті маманды тәрбиелеп шығаруға өз үлесін қалай қоспақ? Терең білім беру арқылы. Бұл орайда ең бастысы, студенттердің сабақта алған білімдерін шынайы өмірде қолдана білуінде. Кәсіби сөйлеуге машықтанған тұлға қалыптастыру үшін, оның өз мамандығына қатысты еркін сөйлеу дағдысын қалыптастыруға бағытталған оқыту технологиясы қажет. Бұл мүмкіндікті тек коммуникативті технологиялар ашады.